

### Ынтымақтастық инвестициялық жобаларға жол ашады



3-БЕТ

Қанат ДОСПАЕВ,  
Ақмола облысы  
Төтенше жағдайлар  
департаментінің  
басшысы:

«Өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау тілсіз жаудың алдын алады»



6-БЕТ

### «Бабай» байланысқа шықты



8-БЕТ



### • СҰХБАТ

Талғат ЕРҒАЛИЕВ,  
ҚР Құрылысшылар одағының  
төрағасы:

## ҚҰРЫЛЫС НАРЫҒЫНДА ОҢ ӨЗГЕРІС КӨП

Кез келген мемлекеттің экономикалық дамуында құрылыс саласының орны ерекше. Экономиканың локомативі деп саналатын құрылыс нарығындағы өзгерістің халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына әсері өте мол. Сондықтан мемлекеттің қысқа және орта мерзімдік даму стратегиялары жасалған кезде, оған айрықша мән беріледі. Сол себепті ҚР Құрылысшылар одағының төрағасы Талғат ЕРҒАЛИЕВТЕН еліміздің құрылыс нарығындағы қазіргі ахуалды баяндап беруді сұраған едік.

– Құрылыс материалдарын өндіруде қандай өзгеріс бар?

– Қазір еліміздегі құрылыс индустриясы және құрылыс материалдарын өндіру; сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі; тұрғын үй қатынастары; коммуналдық шаруашылық; елді мекендер шегінде сумен жабдықтау және су бұру, жылумен жабдықтау саласындағы мемлекеттік реттеу; тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуға қатысты мемлекеттік саясатты жүргізу өкілдігі ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің құзырында. Мәселен, министрліктің ақпараты бойынша, біз қазір құрылыс материалдарының 54 пайызын өзіміз шығарамыз. Қалған 46 пайызын сырттан әкелеміз. Меніңше, бұл ақпарат дұрыс емес. Өйткені жылытқыштар мен кірпішті өзіміз шығарсақ та, ол ішкі нарықты толық қамтамасыз етуге әлі қауқарсыз. Сондықтан біз оларды Ресей, Әзбекстан және тағы басқа елдерден әкелеміз. Сол сияқты арматураны да өзіміз шығарамыз, бірақ ол да бізге жеткіліксіз. Жетпегенін Қытайдан, Ресейден аламыз. Бұдан бөлек кейбір құрылыс заттарының сапасы әлі де әлемдік деңгейге сәйкес келмейді. Сол себепті құрылысшылар сапалы материалдарды сырттан әкелуге мәжбүр.

– Құрылыс саласындағы нормативтер мен стандарттар заман талабына сай жаңартылған ба?

(Соңы 5-бетте)

# ЗАН газеті

✉ zangazet@mail.ru

№53 (3682)  
16 шілде 2024



ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

### • БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

## БЮДЖЕТ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУДА АШЫҚТЫҚ ҚАЖЕТ



Бюджет қаражатының толық игерілмеуі жойылмай отыр. Олар жоспарлау кезінде алдын ала талдаудың сапасыздығы, ведомстваралық байланыстың әлсіздігі, салалық белгі бойынша жобаларды қаржыландырудың нақты өлшемін болмауы. Былтыр 73,3 млрд теңге осындай себеппен орнын таппай қалды. Өкінішке қарай, республикалық бюджеттің шығысы нақты кірістермен қамтамасыз етілмеген.

(Соңы 2-бетте)

### • МЕЖЕ

## МҰҚТАЖ ОТБАСЫЛАРҒА КЕШЕНДІ ҚОЛДАУДЫҢ НАҚТЫ РЕГЛАМЕНТІ ӨЗІРЛЕНУДЕ

Мемлекеттің басты міндеті – халықтың әлеуметтік әл-ауқаты мен табысын қамтамасыз ету. Сондықтан Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің барлық қызметі мүдделі орталық мемлекеттік органдармен, жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, осы түйінді шешуге бағытталған. Оны министр Светлана Жақыпова Алматы облысына жұмыс сапары аясында Жамбыл ауданының әкімдігінде өткен халықпен кездесуде айтты.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2023 жылы: ең төмен базалық зейнетақының мөлшері ең төмен күнкөріс деңгейінің 54%-дан 60%-ға дейін, ал 2024 жылы – 65%-ға дейін, ал ең жоғары мөлшері 100%-дан 105%-ға дейін ұлғайтылды; ынтымақты зейнетақыны есептеу үшін қабылданатын ең жоғары табыстың шамасы 46%-дан 55 айлық есептік көрсеткішке дейін артты.

«2024 жылғы 1 қаңтардан бастап инфляция деңгейін ескере отырып, жыл сайынғы әлеуметтік төлемдерді индекстеу шеңберінде ынтымақты зей-

нетақылардың өсуі 9%-ды құрады. Сондай-ақ, ең төмен күнкөріс деңгейінің мөлшерінің өзгеруіне байланысты базалық зейнетақы мөлшері ұлғайды. Жалпы республика бойынша зейнетақы төлемдеріне 2023 жылы 3 трлн 313 млрд теңге жұмсалды, 2024 жылы 3 трлн 785 млрд теңгеге бағыттау жоспарлануда», – деген Светлана Жақыпова еліміздің мемлекеттік саясатының негізгі бағытының бірі көп балалы отбасылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау екенін атап өтті.

«Мемлекет басшысы әлеуметтік көмек пен қол-

дау жүйесін қайта қарау міндетін қойды. Осыған байланысты Отбасының цифрлық картасы мен мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың жүйелерімен жаңа интеграцияларды пайдалана отырып, АӘК толық трансформацияланады. Мұқтаж отбасыларға кешенді қолдау көрсетудің нақты регламенті әзірленетін болады. Оның құрамына АӘК, жалға берілетін тұрғын үйді жалдауды субсидиялау, жеңілдікпен жол жүру және басқалары кіреді», – деді Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі.

Светлана Жақыпованың айтуынша, мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын арттыру мақсатында кешенді шаралар қабылданды. Мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспар іске асырылуда. 2023 жылы Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға Факультативтік хаттама ратификацияланды. Әлеу-

меттік кодексе қабылданды, оған бірқатар қосымша әлеуметтік қолдау шаралары енгізілді: жоректерді беру нормалары екі есе ұлғайды; «Спина бифида» диагнозы қойылған мүгедектігі бар адамдар жоғары сапалы катетерлермен қамтамасыз етіледі; ментальді бұзылуы бар балаларға арналған санаторийлік-курорттық емдеуді ұсыну бойынша пилоттық жоба іске қосылды; 1-топ мүгедектігі бар адамдардың жеке көмекшілері үшін зейнетақы, әлеуметтік және медициналық жарналар аударылады.

«Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2025 жылға дейін әртүрлі өңірлерде ересектер мен балаларға арналған 12 оңалту орталығын салу жұмысы жүргізілуде. Сонымен қатар, еліміздің алты облысында аутизм спектрі бұзылған және басқа да ментальді бұзылуы бар балаларға арналған күндізгі орталықтар ашылды.

(Соңы 2-бетте)

• КИЕ

## ТІЛ – АСЫЛ ҚҰНДЫЛЫҚ

**Тіл – мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Ана тілінің қадір-қасиетін біле білген халқымыз оны ұлттың рухына, қазына байлығына балайды. Осындай халықтық қасиетті мұрамыз, ана тіліміз – қазақ тілі. Әркімнің тілге деген құрметін – өз анасына, өз ұлтына, өз Отанына деген құрметінен білуге болады.**

Өз ана тілін ұмытқан адам – өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді. Ұлтқа тілінен қымбат еш нәрсе болмауы тиіс. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың шежіресі, тарихы, мәдениеті, мінезі айнадай көрініп тұрады. Мәселен, қазақтың тілінен қазақтың кең байтақ сайын даласын, аспанмен таласқан асқар тауларын, жасыл-желкелер ормандары мен буырқанып сарқыраған асау өзендері мен көз тартар айдын көлдерін, қайыспас қайсар мінезі мен көшпенділік тұрмыс-салтын

айқын аңғаруға болады. Мемлекетіміздің ішкі саясаттағы басым бағыттарының бірі – мемлекеттік тілді дамыту мен қолданыс аясын кеңейту.

Мемлекеттік тілдің қолдану аясын одан әрі кеңейту мақсатында сот саласы қызметкерлерінің ішкі құжат айналымы толық қазақ тілінде жүргізіліп келе жатқанына да бірнеше жыл болды. Сот өндірісінің шығыс хаттары да қазақ тілінде жүргізіледі. Ал іс жүргізу тілі орыс тілі болса, шығыс құжаттарын екі тілде яғни орыс

тілінде және астына аудармасы қазақ тілінде жазылады.

Мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстанның әрбір азаматының борышы. Тіл – халықтың жаны, мәдениетіміздің айнасы. Қазақстан Республикасының негізгі тілі – қазақ тілін құрметтеу, оны білу – әрқайсысымыздың асыл парызымыз. Елдің болашағын, тілдің болашағын сақтау баршаның міндеті.

Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Біз ұрпағымызға бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің де үйлесімді үлесімізбен толыға түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз. Осы маңызды мәселені жүзеге асыру жолында еліміздің әрбір азаматы, әрбір мемлекеттік мекеме мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру, оның қолданыс аясын кеңейту жолында атсалысуға міндетті.

**Айнұр АЛИМАНОВА,  
Маңғыстау облысы  
Қарақия аудандық соты  
әкімшісінің бас маманы**

• ШАРА

## «НЕЛЬСОН МАНДЕЛА» КҮНІНДЕ ДӘРІС ӨТКІЗІЛДІ



**Алматы қаласы, Алматы және Жетісу облыстары бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің №11 мекемесінде «Нельсон Мандела» күніне орай шара өтті.**

САӨПТЖБ карантин бөлімінің бастығы Ерекешов Дамирдің ұйымдастыруымен өткен шара барысында жазанын өтеуші жасөспірімдерге «Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы Конвенция» туралы дәріс өткізіліп, түсіндірме жұмыстар жүргізілді.

Халықаралық Нельсон Мандела күнін БҰҰ Бас Ассамблеясы 2009 жылдың қарашасында (64/13 қарар) бекіткен болатын. Содан бері жыл сайын 18 шілдеде Оңтүстік Африкадағы апартеидке (нәсілдік кемсітушілік) қарсы ең танымал күрескерлердің бірінің туған күні құқықтық сабақ ретінде атап өтіледі. Онда Халықаралық

мерекелер күнтізбесіндегі жаңа күн Африканың бұрынғы президентінің бейбітшілік пен бостандыққа қосқан үлесін мойындау үшін пайда болғаны түсіндіріліп жазалы жасөспірімдерге толық жеткізілді. Сонымен қатар «Нельсон Мандела» күніне жазалы жасөспірімдер сурет салып, қабырға газетіне өздерінің тілектерін жазады. Осындай іс-шараның жиі өткізілуі жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, қылмыстың өсуіне жол бермеу және қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттен аулақ болу үшін маңызды.

**Еркегүл ЖЕҢІСХАН,  
№11 мекеме қызметкері**

• ПӘРМЕН

## АЛАЯҚТЫҚҚА ҚАРСЫ ПИЛОТТЫҚ ЖОБА ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Алаяқтық әрекеттерімен күресу мақсатында ҚР Әділет министрлігі 1414-тен СМС және EGov-mobile push-хабарламалар арқылы азаматтарды хабардар ету бойынша пилоттық жобаны іске қосты. Бұрын нотариустар мен сот орындаушылары азаматтарды тапсырыс хат арқылы хабардар етсе, енді олар электрондық хабарламаларды сенімді байланыс арналары арқылы жібереді.

Өткен жылы әділет органдарына нотариустар мен сот орындаушылардың әрекеттеріне қатыс-

ты 40 мыңнан астам шағым келіп түсті. Көптеген шағымданушылар нотариустардың атқарушылық жазбаларды шығарғаны туралы білмегенін, тек қандай да бір тыйымдар мен шектеулер салынғанын кейін ғана білгенін хабарлады.

Енді азаматтарға атқарушылық іс туралы және нотариус немесе сот орындаушысы туралы егжей-тегжейлі ақпараттар 1414-тен СМС-хабарламалар және EGov-mobile-дан push-хабарламалар арқылы уақытылы келіп отырады.

# ЖАРНАМА

### ТАРАТУ

2. «Компания «Хилола» ЖШС, БСН 160140018334, (Алматы қаласы, 10А шағын ауданы, 22-22А үй, офис 129) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Қалқаман-2 ықшам ауданы, Аспандияров көшесі, 5 үй, тел. 87751576666.

3. «Московская Управляющая Компания» ЖШС (БСН 121040011626) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Достық көшесі, 18 ғимарат, 65 офис, тел. 8777440448.

### МҰРАҒЕРЛЕР

9. 2024 жылдың 28 мамырында қайтыс болған азамат 27.01.1968 ж. туған Иманязов Кахим Кангересвичтің артынан мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлер мұраны қабылдау үшін нотариус А.Алижановқа, Атырау қаласы, Құлманов көшесі 115, тел: 87756160690 хабарласуларын сұраймыз.

10. 13.02.2024 жылы қайтыс болған Ибрагимовна Қунаим Жанибековнаның артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлерге Астана қаласы, Р.Қошқарбаев даңғылы, 28 үй, 2-КБ, тел. 87024675855 нотариус З.Н. Кушекбаеваға хабарласуға болады.

### ӘРТҮРЛІ

4. ЖШС «МКҰ «Доступный кредит» (БСН 100940001902) жарғылық капиталдың азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Абай даңғылы, 107А н.п. 17, тел. 3921493.

5. «Ақкөл ауданының кәсіпкерлік бөлімі» және «Ақкөл ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемелері «Ақкөл ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне бірігу жолымен өздерінің қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Ақкөл қаласы, Нұрмағамбетов көшесі, 94, тел. 87163821768.

6. «Ақкөл ауданының жер қатынастары бөлімі» және «Ақкөл ауданының сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемелері «Ақкөл ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне бірігу жолымен өздерінің қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Ақкөл қаласы, Нұрмағамбетов көшесі, 94, тел. 87163821768.

7. «Ақкөл ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» және «Ақкөл ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемелері «Ақкөл ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесіне бірігу жолымен өздерінің қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Ақкөл қаласы, Нұрмағамбетов көшесі, 94, тел. 87163821768.

8. «КОКСУ» ЖШС 2024 жылы 17 шілде күні сағат 11.00-де Алматы облысы Қапшағай ауданы Шенгелді массивінде реттеліп көрсетілетін сумен жабдықтау қызметінің тарифтік және тарифтік сметасын бекіту бойынша қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды. Қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасы арқылы өтеді (конференция ID: 755 107 1077, кіру коды: 3232). Тұтынушыларды, мәслихат депутаттарын, жергілікті өзін-өзі басқару органдарды, мемлекеттік органдарды, қоғамдық бірлестіктерді, табиғи монополиялар субъектілерін, БАҚ өкілдерін қоғамдық тыңдауларға қатысуға шақырамыз. Қатысу үшін «ҚР ҰЭМ ТМРК Алматы облысы бойынша департаменті» РМУ-ге хабарласыңыз. Анықтама телефоны: +7 702 795 88 66.

11. «ТОО «МФО «Fintegra» (БСН 20114007897) ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту Агенттігіне микроқаржы қызметін жүзеге асыруға арналған лицензиясының қолданылуын тоқтату туралы өтінішін ерікті түрде жүргізіп туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Тәжібаев көшесі, 157 үй, 7 көпір, 80 пәтер, пошта индексі 050060.

13. Самұрық Сақтау ЖШС-сы БСН 101140017724 өзінің жарғылық капиталы 220 000 000 (екі жүз жиырма миллион) теңгеге төмендегені туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қ. Кендірлі көш, 5.

14. «WOOD MACKENZIE LIMITED» «ВУД МАККЕНЗИ ЛИМИТЕД» Филиалы, БСН 131041003761, 2024 жылдың 11 шілдесінен бастап филиал директоры Нариман Смағұловтың бұрын берген барлық сенім-хаттарының күші жойылғанын хабарлайды.

15. Жетісу облысы әкімдігінің 2024 жылғы 27 маусымдағы №218 қаулысының негізінде «Жетісу облысы білім басқармасының Панфилов ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қызылжиде бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 180940015957) «Жетісу облысы білім басқармасының Панфилов ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Керімағаш-Арасан ауылындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне (БСН 071240018837) қосылу жолымен қайта құрылады. Осы хабарлама жарияланған күннен бастап екі ай мерзімі ішінде арыз шағымдар мына мекенжай бойынша қабылданады. Мекенжайы: Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Қызылжиде ауылы, Ш.Уәлиханов көшесі.

### «Қазпочта» арқылы газетке жазылу нұсқаулығы

1. «Қазпочта» мобильді қосымшасын жүктеу
2. «Басылымдарға жазылу» бөліміне өтініз
3. «Заң газетін» тауып, таңдау
4. Қажетті мерзімді таңдау
5. Төлем жасау

Байланыс нөмері  
1499

16. Жетісу облысының әкімдігінің 2024 жылғы 27 маусымдағы №218 қаулысының негізінде «Жетісу облысы білім басқармасының Панфилов ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Керімағаш бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 180940016142) «Жетісу облысы білім басқармасының Панфилов ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Керімағаш-Арасан ауылындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне (БСН 071240018837) қосылу жолымен қайта құрылады. Осы хабарлама жарияланған күннен бастап екі ай мерзімі ішінде арыз шағымдар мына мекенжай бойынша қабылданады. Мекенжайы: Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Айдарлы ауылдық округі, Сарпылдақ ауылы, Достық көшесі, ғимарат 1.

### ЯВОҒАЛЫҚ

12. Көкшетау қаласындағы «Коммекс-Өмір» (БСН 110841001916) өмірді сақтандыру бойынша «Компания» АҚ филиалы туралы Ережесінің түпнұсқасы жоғалғаны туралы хабарлаймыз. Орналасқан мекенжайы: Көкшетау қаласы, Ауезов көшесі, 268 үй, нп 86.

### ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.: 8(727) 292-43-43,  
8 (708) 929-98-74  
E-mail:  
zanreklama@mail.ru

### ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоқын көшесі, 4Б, 2 қабат, 3 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»  
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.  
г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509  
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIRO» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaidybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) РВК банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: pazar.reklama@gmail.com

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ша/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.  
«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Калиасқаров Нұрлан Нұрғисыңұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отан» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Өйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажиева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (аулақтан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Видай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.